

Медициналық бұйымды медицина қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

ПАРИН-ПОС®, көзге арналған жақпамайы, 5 г

Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

ПАРИН-ПОС®, көзге арналған 1 г жақпамайының құрамында:
натрий гепарині – 1300 ХБ, сұйық парафин, ланолин, ақ вазелин.

ПАРИН-ПОС® – құрамында натрий гепарині бар стерильді жақпамайы. Гепарин – көздің беткейінде шырышты қабатты құрайтын көз жасының компоненттеріне өте ұқсас құрылымы бар физиологиялық зат, көз жасының мөлдір қабықтың және конъюнктиваның тіндеріне жабысуына және ылғалдылықты сақтауға көмектеседі.

Мөлдір қабық пен конъюнктива көздің алдыңғы бетіндегі негізгі құрылымдар болып табылады, олардың денсаулығын сақтау және дұрыс регенерациялау мүмкіндігін сақтау үшін тұрақты ылғалдандыру қажет.

ПАРИН-ПОС® мөлдір қабықта және конъюнктивада көзге арналған жақпамайының тұрақты мөлдір үлбірін түзе отырып, көздің қабатын қорғайды. Қабақтар мен көздің айналасындағы теріні ПАРИН-ПОС® жақпамайымен майлауға болады. ПАРИН-ПОС® көз жасының қабығын жақсартады және көздің беткейінін қорғайды. ПАРИН-ПОС® қолданған кезде ашытып күйдіру, қышу және тітіркену азаяды, конъюнктива мен мөлдір қабық қабақтармен оңай жабылады. Құрамындағы гепарин физиологиялық зат болып табылады, соның арқасында жақсы төзімділікке қол жеткізіледі және көзге арналған жақпамайы нағыз көз жасының қабығымен жақсы араласады.

Қолданылу саласы

Офтальмология

Медициналық бұйымның тағайындалуы

- көз жасы үлбірінің жағдайын жақсартуға және көздің беткейінін қорғауға, ашытып күйдіруді және қышуды, жас ағуды, қызару немесе көзде бөтен денені сезінуді жоюға арналған, соның ішінде

- климаттық факторлардың, мысалы, кондиционерленген ауа, жел, қарқынды күн сәулесі немесе шаң әсерінен;
- қарқынды көру жүктемесінен, мысалы компьютермен жұмыс жасағаннан, көлік жүргізуден, кейбір дәрі-дәрмектерді қабылдаудан туындаған.

Шешімі: N061000

Шешім тіркелген күні: 22.02.2023

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кашкымбаева Л. Р.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Қолдану тәсілі

ПАРИН-ПОС® препаратын дәрігердің нұсқауларына сәйкес пайдалану керек. Қолдану жиілігі сіздің жеке симптомдарыңызға байланысты. ПАРИН-ПОС® күні бойы қолданылатын ылғалдандыратын көзге арналған тамшылармен емге қосымша пайдалануға болады. Мұндай жағдайда ПАРИН-ПОС® әдетте тәулігіне бір рет – ұйықтар алдында қолданылады. Жиірек қолданғанда алдын - ала дәрігерден кеңес алған жөн.

ПАРИН-ПОС® жақпамайын қолдану ұзақтығы бойынша шектеулер жоқ. Алайда, симптомдар сақталған жағдайда және екі аптаның ішінде жақсару белгілері болмаса, сізге дәрігерден кеңес алу керек.

ПАРИН-ПОС® жақпамайы тек жеке пайдалануға арналған. ПАРИН-ПОС® бірінші рет қолданар алдында картон қорапта алғашқы ашылуын бақылау заттаңбасы бүлінбеген жағдайда ғана пайдалануға болады (Ⓢ).

Сықпаның ұштығын жабатын қалпақты бұраңыз.



Басыңызды сәл артқа еңкейтіп, төменгі қабақты бір қолдың саусағымен аздап тартыңыз.



Сықпаны екінші қолыңызбен көздің үстінен тік ұстап, оған аздап басу арқылы көзге және қабақтың арасындағы алшақтыққа көзге арналған жақпамайдың бір жолағын қысыңыз.



Көзді абайлап жауып, содан кейін аздап жыпылықтатыңыз.

Сықпаны қалпақпен мұқият жабыңыз. Контаминацияны болғызбау үшін сықпа ұштығын көзге немесе теріге тигізбеңіз.

ПАРИН-ПОС® жақпамайын саусағыңызбен қабаққа немесе көздің айналасындағы теріге абайлап жағуға болады.

Медициналық бұйымды пайдалану кезіндегі сақтық (қауіпсіздік) шаралары және шектеулер туралы мәліметтер

Қолдағы бар деректер негізінде балалар, жүкті және бала емізетін әйелдер ПАРИН-ПОС® -ты пайдалана алады.

ПАРИН-ПОС®-ты жанаспалы линзаларды кию кезінде қолдануға болмайды.

Шешімі: N061000

Шешім тіркелген күні: 22.02.2023

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кашкымбаева Л. Р.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

ПАРИН-ПОС®-ты көз тамшыларымен бір мезгілде қолдануға болмайды. Қажетіне қарай ПАРИН-ПОС®-ты басқа офтальмологиялық препараттарды қолданғаннан кейін шамамен 30 минуттан соң қолдану керек. Егер осыдан кейін басқа көзге арналған жақпамайын қолданған жағдайда олардың арасындағы аралық кем дегенде бір сағатты құрауы керек.

ПАРИН-ПОС®-ты офтальмохирургиялық араласудан кейін немесе көздің жедел зақымдануы кезінде тікелей қолдануға болмайды, себебі бұл мақсат үшін ешқандай бақыланатын клиникалық зерттеулер жүргізілген жоқ.

ПАРИН-ПОС® жақпамайын қолданғаннан кейін реакция уақытын ұзартуға әкелетін көру өткірлігінің қысқа мерзімге аздап бұзылуы мүмкін, механизмдермен жұмыс істеу және тікелей автокөлікті басқару алдында қолдануға болмайды.

Өте сирек жағдайларда қызару, ашытып күйдіру және көздің қышуы немесе шамадан тыс жас ағу сияқты аса жоғары сезімталдық реакцияларының туындағаны туралы хабарланды, бірақ олар ПАРИН-ПОС® жақпамайын қолдануды тоқтатқаннан кейін бірден тыйылды.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- көзге арналған жақпамайдың компоненттерінің кез келгеніне аса жоғары сезімталдық

Сақтау мерзімі

3 жыл

Қаптамада () көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сықпаны алғаш ашқаннан кейінгі сақтау мерзімі – 6 ай.

Сақтау шарттары

25 °С-ден () аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Қосымша ақпарат

Стерильді. Көзге арналған жақпамай асептикалық өңдеу әдісін қолданумен өндіріледі.

STERILE	A
---------	---

Шешімі: N061000


Шешім тіркелген күні: 22.02.2023

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кашкымбаева Л. Р.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Өндірушінің атауы, заңды (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды поштасы):







 УРСАФАРМ Арцнаймиттель ГмбХ, Индустриештрассе 35, 66129 Саарбрюкен, Германия / URSAPHARM Arzneimittel GmbH, Industriestrasse 35, 66129 Saarbrücken, Germany
Телефон: +49 6805 9292-0
e-mail: info@ursapharm.de

Қазақстан Республикасы аумағындағы өндірушінің уәкілетті өкілі: Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық бұйым жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйым және медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйым:

«Nova East Pharm Kazakhstan (Нова Ист Фарм Казахстан)» ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98 үй, 507 кеңсе
Телефон: +7 (727) 221 90 91
E-mail: safety@eastpharm.eu

Нұсқаулықтың соңғы қайта қаралған күні: 22.02.2023

Таңбалау кезінде пайдаланылған символдар мен белгіленулер түсіндірмесі

	Қаптамасы бүлінген жағдайда пайдаланбау керек		
	Қолдану жөніндегі нұсқаулықты оқыңыз		
	Жоғарғы температуралық шегі		
	Дейін пайдалану керек		
	Партия коды		
	Дайындаушы		
<table border="1" data-bbox="263 1579 518 1646"><tr><td>STERILE</td><td>A</td></tr></table>	STERILE	A	Асептикалық өңдеу әдісін қолданумен стерилизациялау
STERILE	A		

Шешімі: N061000

Шешім тіркелген күні: 22.02.2023

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кашкымбаева Л. Р.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең